

Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі қызметті ұйымдастыруды және жүзеге асыруды реттейтін нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 1 наурыздағы N 27 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 12 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6159 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 30 мамырдағы № 140 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.05.2016 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қолданушылардың назарына!

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті және өзара сақтандыру, салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 30 желтоқсандағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) Б а с қ а р м а с ы

Қ А У Л ы

Е Т Е Д І :

1 . М ы н а л а р :

1) алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.01.2016 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтанушыға (сақтандырылушыға) берілетін сыныпты «бонус-малус» жүйесі б о й ы н ш а е с е п т е у е р е ж е с і ;

3) алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.01.2016 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4) осы қаулының 4-қосымшасына сәйкес Мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін бағалауды ұйымдастыру өтінішінің нысаны бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының

28.01.2016 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Мына қаулылардың күші жойылды деп танылсын:

1) Агенттік Басқармасының «Мүлікті (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғаны аккредиттеу ережесін бекіту туралы» 2007 жылғы 25 маусымдағы № 176 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4861 тіркелген, 2007 жылғы 29 тамызда "Заң газеті" газетінің № 132 (1161) санында, 2007 жылғы маусым-тамызда Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында жарияланған) қаулысы;

2) Агенттік Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғаны аккредиттеу ережесін бекіту туралы" 2007 жылғы 25 маусымдағы № 176 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2008 жылғы 22 тамыздағы № 114 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5327 тіркелген) қаулысы.

3. Осы қаулы бірінші рет ресми жарияланған күннен кейін жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілетін осы қаулының 1-тармағының 1) тармақшасын қоспағанда, осы қаулы бірінші рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Сақтандыру нарығының субъектілерін және басқа қаржы ұйымдарын қадағалау департаменті (Д.Ш. Қарақұлова):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қ о л ғ а а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін жеткізсін.

5. Агенттіктің Төрайым Қызметі (А.Ә. Кенже) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға а л с ы н .

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары А.Ө. Алдамбергенге жүктелсін.

Төрайым Е. Бахмутова

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы н а р ы ғ ы н ж ә н е қ а р ж ы

ұйымдарын реттеу мен қадағалау
агенттігі Басқармасының
2010 жылғы 1 наурыздағы
№ 27 қаулысының 1-қосымшасы

Мүлікті (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) бағалау жөніндегі бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалаушыны (тәуелсіз сарапшыны) аккредиттеу ережесі

Ескерту. 1-қосымша алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.01.2016 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын реттеу мен қадағалау
агенттігі Басқармасының
2010 жылғы 1 наурыздағы
№ 27 қаулысының 2-қосымшасы

Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтанушыға (сақтандырылушыға) берілетін сыныпты «бонус-малус» жүйесі бойынша есептеу ережесі

1. Осы Ереже «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі Заңының (бұдан әрі – Заң) 19-бабының 10-тармағына сәйкес әзірленді және Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтанушыға (сақтандырылушыға) берілетін сыныпты «бонус-малус» жүйесі бойынша есептеу тәртібін айқындайды.

2. Сақтандыру мерзімі аяқталған соң тиісті сынып (бұдан әрі – сынып) беріле отырып, «бонус-малус» жүйесі бойынша коэффициенттер Заңның 19-бабының 10-тармағында көзделген кестеге сәйкес белгіленеді.

3. Сақтанушыға (сақтандырылушыға) сынып берілген кезде оның кінәсі бойынша болған сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайлары), сондай-ақ көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша (бұдан әрі – міндетті сақтандыру шарты (сақтандыру полисі)) сақтанушының (сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылған күндер осының алдында сынып өзгертілген күннен бастап жасалған міндетті сақтандыру шарттарының санына қарамастан есепке алынуы

т и і с .

Сақтанушының (сақтандырылушының) кінәсі бойынша болған сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайлары) бар болған жағдайда сынып бұдан төменірек, ең төмен – М сыныбына дейін өзгертіледі.

Сыныпты жоғарырақ сыныпқа өзгерту мынадай талаптар орындалған кезде жүзеге асырылады :

1) деректер базасын (бұдан әрі – деректер базасы) қалыптастыру мен жүргізуді жүзеге асыратын ұйымда сақтанушының (сақтандырылушының) кінәсі бойынша болған және сыныптың соңғы өзгертілген сәтінен бастап деректер базасында есепке алынған сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайлары) туралы ақпараттың болмауы ;

2) деректер базасында жасалған міндетті сақтандыру шарттарының (сақтандыру полистерінің) санына қарамастан сыныптың соңғы өзгертілген күнінен бастап міндетті сақтандыру шарты (сақтандыру полисі) бойынша сақтанушының (сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылған кем дегенде екі жүз жетпіс күнтізбелік күн туралы ақпараттың болуы .

4. Қазақстан Республикасының аумағына уақытша келген (алып келінген) көлік құралдарының иелерімен міндетті сақтандыру шарты жасалған кезде 3-сынып беріледі .

5. Сақтандырушы деректер базасынан алған, оған берілген сынып көрсетіле отырып, сақтанушының (сақтандырылушының) кінәсі бойынша болған сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайлары) туралы, не осы ақпараттың жоқ екені туралы ақпараты бар сақтандыру есебі сақтандырушының «бонус-малус» жүйесі бойынша коэффициенттерді қолдануы үшін негіз болып табылады.

6. Деректер базасында сақтанушы (сақтандырылушы) туралы ақпарат болмаған жағдайда сақтандырушы жаңа мерзімге міндетті сақтандыру шартын жасау кезінде сақтанушы төмендетілген коэффициентті қолдану мүмкіндігі туралы куәландыратын осының алдындағы міндетті сақтандыру шартының (сақтандыру полисінің) түпнұсқасын берген кезде Заңның 19-бабының 11-тармағында белгіленген мерзімде бұл жөнінде деректер базасын және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органды хабардар ете отырып, Заңның 19-бабының 10-тармағында келтірілген кестеге сәйкес төмендетілген коэффициентті өз бетінше қолданады.

Бұрынғы міндетті сақтандыру шартының (сақтандыру полисінің) түпнұсқасы сақтанушы жаңа міндетті сақтандыру шартын жасасу үшін ұсынатын құжаттармен бірге сақталады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы н а р ы ғ ы н ж ә н е қ а р ж ы

ұйымдарын реттеу мен қадағалау
агенттігі Басқармасының
2010 жылғы 1 наурыздағы
№ 27 қаулысының 3-қосымшасы

**Тәуелсіз сарапшының бағалауды жүргізу шартына
қойылатын талаптар**

Ескерту. 3-қосымша алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
28.01.2016 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын реттеу мен қадағалау
агенттігі Басқармасының
2010 жылғы 1 наурыздағы
№ 27 қаулысының 4-қосымшасы

Нысан

К е л і п т ү с к е н кү н і

(кк.аа.жж.)

К і р і с т і р к е у н ө м і р і

№ _____

Б а с қ а р м а н ы ң Т ө р а ғ а с ы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

және сақтандыру ұйымының атауы)

м ы н а л а р :

— | _ | с а қ т а н у ш ы

— | _ | с а қ т а н д ы р ы л у ш ы

— | _ | з а р д а п ш е ғ у ш і

— | _ | п а й д а а л у ш ы

— | _ | ө к і л

(өтініш берушінің мәртебесі бір, немесе өкілі өтініш жасаған кезде екі ұяшықта көрсетіледі) _____ болып табылатын кімнен _____

(заңды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), _____

тұрғылықты жері не _____,

атауы, орналасқан орны)

Мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін бағалауды ұйымдастыру өтініші

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

жүргізетін _____

(көлік құралының маркасы мен мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі)

_____ тиесілі көлік құралының (заңды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) не атауы)

және _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

жүргізетін _____

(көлік құралының маркасы мен мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі)

_____ тиесілі көлік құралының (заңды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) не атауы)

арасында _____

(жол-көлік оқиғасы болған күні, қаласы, орны)

болған жол-көлік оқиғасына байланысты _____

_____ (көлік құралының маркасы мен мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі)

_____ мүлкіне келтірілген зиянның мөлшерін бағалауды _____ (

тәуелсіз сарапшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) не атауы) _____

_____ уәкілетті орган аккредиттеген

тәуелсіз сарапшыда ұйымдастыруды сұраймын.

Тәуелсіз сарапшыны таңдау менімен келісілді _____.

(күні және пайда алушының қойған қолы)

өтініш берушінің қойған қолы

Толтырылған күні

Мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін бағалау туралы есеп пайда алушыға
ұ с ы н ы л д ы :

_____ жіберілді немесе
(жіберілген күні және тәуелсіз сарапшының қойған қолы)
_____ табыс етілді. (_____
табыс етілген күн және пайда алушының қойған қолы)

Көлік құралын қалпына келтіру шығыстарының сомасымен келісемін/
келіспеймін (қажеттісін сызу қажет)_____
(күні және пайда алушының қойған қолы)